

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық террористік қызметке, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының, прекурсорлардың заңсыз айналымына және өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 наурыздағы N 191 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2005 жылғы 26 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық террористік қызметке, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының, прекурсорлардың заңсыз айналымына және өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ТҮРІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИСТІК ҚЫЗМЕТКЕ, ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСҚА, ЕСІРТКІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ, ОЛАРДЫҢ АНАЛОГТАРЫНЫҢ, ПРЕКУРСОРЛАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫС ТҮРЛЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

(2010 жылғы 5 тамызда күшіне енді -

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2010 ж., N 6, 52-құжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы достық қарым-қатынас шеңберінде,

бүкіл әлемде халықаралық терроризм мен трансұлттық қылмыс актілерінің өсуіне, сондай-ақ есірткілерді теріс пайдаланумен және олардың заңсыз айналымымен

байланысты қылмысқа алаңдаушылық білдіре отырып, 1961 жылғы 30 наурыздағы Есірткі құралдары туралы Бірыңғай Конвенцияның, 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы Бірыңғай Конвенцияға 1972 жылғы 25 наурыздағы Қосымша Хаттаманың, 1971 жылғы 21 ақпандағы Психотроптық заттар туралы Конвенцияның және 1988 жылғы 20 желтоқсандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Конвенциясының мақсаттарын ескере отырып, тең құқылық және өзара мүдделілік қағидаттары негізінде іс-қимыл жасай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының шеңберінде:
 - 1) халықаралық қылмыстық қызметтің;
 - 2) адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстардың;
 - 3) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың, сондай-ақ оларды жасауға арналған шикізаттың заңсыз айналымының;
 - 4) адамдарды сатумен байланысты қылмыстардың;
 - 5) адамдарды бас бостандығынан заңсыз айырудың және сату, сондай-ақ жыныстық немесе өзге де мақсатта пайдалану үшін ұрлаудың;
 - 6) жеке басын куәландыратын құжаттарды (паспортты және визаны) және көлік құжаттарын қолдан жасаудың (өзірлеудің, өзгертудің) және заңсыз пайдаланудың;
 - 7) контрабанданың;
 - 8) заңсыз көші-қонның;
 - 9) халықаралық ұйымдасқан қылмыстың;
 - 10) заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті заңдастырудың;
 - 11) валютаны, төлем қаражатын, чектерді және құндылықтарды қолдан жасаудың (өзірлеудің, өзгертудің) және таратудың;
 - 12) көлік құралдарын ұрлаудың және оның заңсыз айналымы мен осы саладағы өзге де қылмыстық әрекеттің;
 - 13) қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, стратегиялық шикізаттың (ядролық және радиоактивті материалдардың), сондай-ақ басқа қауіпті заттардың заңсыз айналымының;
 - 14) мәдени, тарихи құндылықтарды және өнер туындыларын заңсыз сатудың;
 - 15) экономикалық және қаржылық қызмет саласындағы қылмыстардың;
 - 16) жыныстық сипаттағы, әсіресе, кәмелетке толмағандарға қарсы бағытталған қылмыстардың ұйымдасқан нысандарының, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған арнайы материалдарды дайындаудың, таратудың және

ж е т к і з у д і ң ;

17) компьютерлік жүйелерді пайдалана отырып жасалған қылмыстардың;

18) экологиялық қылмыстардың алдын алуда, анықтауда, жолын кесуде, ашуда және тергеуде ынтымақтасады.

2. Тараптар өзара келісім бойынша ұлттық заңнамасының шеңберінде Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының ынтымақтасуын талап ететін басқа қылмыстарға қарсы күресте, олардың алдын алуда және тергеуде ынтымақтасады.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының шеңберінде мынадай:

1) сұрау салулар мен тапсырмаларды орындау;

2) жедел-ізвестіру, жедел-анықтамалық, криминалистикалық және мұрағаттық ақпарат алмасу;

3) жедел-ізвестіру іс-шараларын және тергеуді келісіп, ал қажет болғанда бірігіп жүргізу;

4) қылмысқа қарсы күрестегі жұмыс тәжірибесімен алмасу;

5) ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестің әр түрлі салаларында және криминалистикалық жабдықтар бойынша өзара қызығушылық танытатын ақпарат алу мақсатында мамандармен алмасу;

6) ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық келісімдермен алмасу;

7) криминалистика, криминология және сот медицинасы саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасу;

8) мамандар даярлауда, қайта даярлауда және олардың біліктілігін арттыруда өзара көмек көрсету;

9) есірткі құралдарының және психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың, сондай-ақ оларды дайындауға арналған шикізаттың заңсыз айналымына қарсы күрес саласында жаңа әдістермен алмасу;

10) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың зияны туралы адамдардың хабардар болуын арттыру мақсатында фильмдермен, брошюралармен, зерттеулермен, жарияланымдармен, әдістемелік ұсынымдармен және тесттермен алмасу нысандарында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3-бап

Қоғамдық тәртіпті қолдау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін және меншіктерін қорғау, сондай-ақ репатриация саласында ынтымақтасу мақсатында

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының шеңберінде Тараптар:

1) Тараптар мемлекеттері азаматтарының репатриациясы саласында ақпаратпен және тәжірибемен алмасады;

2) Тараптар мемлекеттерінің аумағында қылмыс жасағаны үшін күдікті немесе айыпталушы азаматтар мен қылмыс жасағаны үшін іздестіруде жүрген азаматтар туралы қызықтыратын ақпарат алмасады;

3) қажет болған жағдайда өз мемлекетінің аумағына азаматтардың жол жүру, оларды тасымалдау, жер үсті, әуе, теңіз және темір жол көлігімен тасымалданатын жеке және мемлекеттік меншіктің, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері өкілдерінің және ресми адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

4) Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарды жер аудару немесе репатриациялау туралы ақпарат алмасады;

5) 1-бапта көрсетілген қылмыстарды болдырмау саласында жұмыс тәжірибесімен, оларды жасаудың анықталған жаңа тәсілдері және олардың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі шаралар туралы ақпаратпен ұдайы алмасады.

4-бап

Тараптар халықаралық терроризмге және экстремизмнің өзге де түрлеріне қарсы күресу мақсатында өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде, сондай-ақ осы Келісімнің ережелеріне сәйкес:

1) Тараптар мемлекеттерінің ұлттық және қоғамдық қауіпсіздігіне қарсы бағытталған террористік әрекеттерді дайындау мен жасаудың жолын кесу мақсатында шаралар қабылдайды;

2) Тараптар мемлекеттерінің біреуінің аумағында террористік қызметі үшін қылмыстық қудалаудан немесе жазасын өтеуден жасырынып жүрген адамдарды іздестіру жөнінде шаралар қабылдайды;

3) Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігі мен мүдделеріне тікелей әсер ететін Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында террористік актілердің жасалуына күдікті жеке адамдар, топтар немесе ұйымдар және олардың қызметі, сондай-ақ осындай жекелеген адамдарға, топтар мен ұйымдарға қарсы күресте қолданылатын техникалық және тактикалық әдістер туралы ақпарат алмасады;

4) бір Тарап мемлекетінің аумағында әрекет ететін, екінші Тарапқа, сондай-ақ үшінші мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға қарсы бағытталған террористік ұйымдар мен оларға дем берушілердің қызметін заңсыз деп қарайды және олардың жолын кеседі;

5) радиотаратқыштарды, жазу қондырғыларын, мина іздегіштерді және түнде көру приборларын қоса алғанда, қаруды және оқ-дәрілерді террористік элементтердің және ұйымдардың сатып алуының жолын кесу мақсатында оларды сатуды бақылау

с а л а с ы н д а

ы н т ы м а қ т а с а д ы ;

б) терроризмді, оның пайда болуының мән-жайын, динамикасы мен нысандарын анықтауда

ы н т ы м а қ т а с а д ы ;

7) кепілге адам алу және көлік құралдарын басып алу әрекеттерін қоса алғанда, террористік қызметке қарсы күресу әдістеріне қатысты ақпаратпен және жұмыс тәжірибесімен

а л м а с а д ы ;

8) терроризмге қарсы бөлімшелердің қызметкерлерін өзара оқытуда ынтымақтасады және осы мақсатта пайдаланылатын қару-жарақтың, құралдардың және техникалық жабдықтың түрлері жөніндегі ақпаратпен және жұмыс тәжірибесімен алмасады;

9) ғылыми, әдіснамалық әзірлемелермен, оның ішінде сарапшылармен және тағылымдамадан өтушілермен алмасады және бірлескен кездесулер мен семинарлар ұйымдастырады.

5-бап

Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасының шеңберінде ұйымдасқан қылмысқа оның барлық көріністеріне қарсы күресте мынадай жолдар мен ынтымақтасады:

1) ұйымдасқан қылмысқа қатысы бар адамдар, әсіресе, оны ұйымдастырушылар туралы

д е р е к т е р

а л м а с у ;

2) қылмыс жасау жағдайы жөнінде, атап айтқанда, қылмыс жасаудың уақыты, орны мен тәсілі, қылмысқа қатысы бар тұлғалар, заттар және олардың ерекшеліктері, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасы бойынша олардың жіктелуі туралы

д е р е к т е р м е н

а л м а с у ;

Егер ауыр қылмыстарды анықтау, тергеу, сондай-ақ әрбір нақты жағдайда қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін қылмыстардың жолын кесу үшін деректермен және ақпаратпен алмасу қажет болса, ол жұмыс жүргізілетін болады;

3) жедел және тергеу іс-шараларын іске асыру, өзара практикалық және ұйымдастырушылық көмек көрсету барысында үйлесімді әрекеттерді жүзеге асыру;

4) ұйымдасқан қылмысқа, оның түрлі көріністеріне және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күресте техникалық деңгейді жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында полиция қызметкерлерін оқытуда және қайта даярлауда және мамандармен алмасуда

ө з а р а

к ө м е к

к ө р с е т у ;

5) бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында нақты тергелетін қылмыстық істер бойынша жұмыс кездесулерін өткізу бойынша ынтымақтасады.

6-бап

1. Тараптар өз мемлекеттері ұлттық заңнамаларының шеңберінде есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресу мақсатында:

1) олармен осы Келісімінің кіріспесінде аталған есірткілерді бақылау саласындағы халықаралық конвенциялардың шеңберінде жүзеге асырылатын экспорттық-импорттық операциялар туралы ақпаратпен алмасуды қоса алғанда, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңды айналымы саласындағы бақылауды жүзеге асыру аясында ақпаратпен алмасады;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымының жолын кесуге бағытталған шараларды бірлесіп жүзеге асырады ;

3) қылмыстар жасау жағдаяттары және оларға тартылған адамдар, атап айтқанда, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және прекурсорларды жасыру орындары, тасымалдау нысандары мен құралдары, өсіру, өндіру орындары мен жеткізу тәсілдері туралы ақпаратпен алмасады;

4) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымына, сондай-ақ "бақыланатын жеткізу" әдісін қолдана отырып, олармен байланысты құралдарға және қылмыстық жолмен табылған өзге де кірістерге қарсы күресте бірлескен іс-әрекеттер мен тергеуді жүзеге асырады;

5) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және прекурсорларды, сондай-ақ оларды теріс пайдалануды бақылау саласындағы материалдарды ғылыми-зертханалық талдау және зерделеу туралы әдістермен және технологиялармен алмасады ;

6) ұсынылуы сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін кез-келген басқа да ақпаратпен алмасады.

2. Егер есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды тергеу барысында терроризм мен ұйымдасқан қылмысқа байланысты фактілер анықталса, Тараптар бұл туралы бір-біріне шұғыл ақпарат береді және егер қажет болса, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес тергеуді бірлесіп жүргізеді.

7-бап

Тараптар мәдени, тарихи құндылықтарды және өнер туындыларын заңсыз әкелуге және саудаға салуға қарсы күресу мақсатында осындай фактілерді анықтау мен олар туралы дереу хабарлау және оларды осы құндылықтарға меншік құқығы бар мемлекетке қайтару жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

8-бап

Тараптардың заңсыз көші-қонға, адамдарды ұрлауға және сатуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастығы мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) Тараптар, қажет болған жағдайда, бір-бірінен заңсыз көші-қон, адамдарды ұрлау

мен сату жөніндегі ақпаратты сұратады не осы мәселе бойынша ақпарат ұсынады;

2) Тараптар екінші Тарап мемлекетінің аумағына заңсыз енген өз азаматтарын қабылдайды. Бұл ретте олардың азаматтығын немесе олардың азаматтығына қатысты өзге де деректерді растайтын құжаттарды ұсыну қажет;

3) Тараптар заңсыз көші-қонға, адамдарды ұрлауға және сатуға қарсы күрес жөнінде бірлескен іс-шаралар ұйымдастырады.

9-бап

1. Ақпаратпен алмасуды және осы Келісімге сәйкес жәрдем көрсету туралы сұрау салуларды жіберуді құзыретті органдар жазбаша түрде жүзеге асырады. Сұрау салуға:

- сұрау салу жіберілген органды анықтайтын дәлелді тұжырым;
- онымен байланысты көмек сұралатын істің сипаттамасы;

- сұрау салудың мазмұны, сондай-ақ оның орындалуына қажетті мәліметтер қоса
б е р і л е д і .

2. Жедел жағдайларда мемлекеттердің құзыретті органдары өз сұрау салуларының орындалуы туралы алдын ала ауызша жүгіне алады. Қағаз жүзіндегі құжаттар факсимильді байланыс немесе электрондық пошта арналары арқылы 48 сағат ішінде расталуы тиіс. Құжаттардың түпнұсқалары дипломатиялық арналар бойынша жіберілуі
т и і с .

3. Сұрау салу, растау құжаттары және кейінгі ақпарат ағылшын тілінде орындалады
.

4. Егер сұрау салушы Тарап сұрау салу бойынша ұсынылған ақпаратты жеткіліксіз деп тапса, ол қосымша ақпарат сұрата алады. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары мұндай сұрау салуларды шұғыл түрде орындайды.

10-бап

1. Тараптар жүргізіліп отырған ынтымақтастықты қарау, осы Келісімнің ережелеріне қатысты кемшіліктерді анықтау мен оларды жою мақсатында құрамына мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдері кіретін бірлескен комиссия құрады.

2. Бірлескен комиссия кездесулерді Тараптар мемлекеттерінің аумағында
к е з е к - к е з е к ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

3. Бірлескен комиссия кездесулерді Тараптардың бірінің сұрау салуымен өзара келісім бойынша ұйымдастыруы мүмкін.

11-бап

1. Егер Тараптардың бірі сұрау салуды орындау немесе нақты іс-шараларды жүзеге асыру оның мемлекетінің егемендігіне немесе басқа да мүдделеріне қауіп төндіреді,

оның құқықтық жүйесінің негізгі қағидаттарына қайшы келеді деп санаса, онда ол сұрау салуды орындаудан толықтай немесе ішінара бас тарта алады немесе орындау үшін өзінің белгілі бір шарттарын қоя алады.

2. Сұрау салушы Тараптың құзыретті органы бас тарту себебі туралы хабардар етіледі.

12-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптардың кез-келгені құпия деп таныған алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

2. Тараптар осы Келісімге сәйкес алынған мәліметтерді, құжаттаманы және техникалық жабдықты сұрау салынған Тараптың құзыретті органының алдын ала келісімінсіз үшінші Тарапқа бермейді.

3. Егер берілетін ақпарат оны беретін Тараптың мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерден тұратын болса, онда мұндай ақпаратты беру оны беретін Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

13-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз өкілеттіктері мен құзыреттері шегінде және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес тікелей ынтымақтасады.

М ы н а л а р :

1) Қазақстан тарапынан:

- Бас Прокуратура,
- Ішкі істер министрлігі,
- Ұлттық қауіпсіздік комитеті,
- Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы),

- Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті,

- Президенттің күзет қызметі,

- Қорғаныс министрлігі;

2) Түрік Тарапынан:

- Ішкі істер министрлігі,

- Түрік Ұлттық полициясы Ұйымы

- Жандармерия Бас қолбасшылығы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары болып табылады.

2. Тараптар құзыретті органдардың атаулары мен функциялары өзгерген жағдайда дипломатиялық арналар бойынша уақытылы хабардар етіледі.

14-бап

Осы Келісімнің ережелерінде көзделген ынтымақтастық детальдарын, қажет болған жағдайда, жеке уағдаластықтар жолымен Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары белгілейді.

15-бап

1. Осы Келісімінің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даралармен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау жөніндегі шығыстарды Тараптар Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

17-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерін орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

18-бап

Осы Келісім Тараптардың бірі оның қолданысын толтыру ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап алты ай мерзім өткенге дейін күшінде қалады.

2005 жылғы 26 мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҮРІК РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІ ҮШІН ҮКІМЕТІ ҮШІН

Осымен 2005 жылғы 26 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық террористік қызметке, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының,

психотроптық заттардың, олардың аналогтарының, прекурсорлардың заңсыз айналымына және өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы Келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і н і ң
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК